

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 1 - беті.

БЕКІТІЛДІ
«Астана медицина университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
2025 жылғы «08» тамыз, № 9 хаттама



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«7R01150 - Патологиялық анатомия»

Астана қ., 2025

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 2 - беті.

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім саласы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламаларының тобы	R050 Патологиялық анатомия
Білім беру бағдарламасы	7R01150 Патологиялық анатомия
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Тәлімгердің бақылауы және қадағалауымен аурудың диагнозын анықтау үшін және өлім себебі туралы мәліметтерді алу үшін тіршілік кезіндегі және өлімнен кейінгі патологиялық-анатомиялық зерттеулерді жүргізу.
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы ББ
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	7
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Жоқ
Берілетін академиялық дәреже	Резидент
Оқыту мерзімі	2 жыл
Жоғары білім бейіні	Жоғары медициналық білім
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Әмбебап білім жүйесін білетін өз бетінше жұмыс істеуге қабілетті және дайын мамандарды және ғылым, тәжірибе мен білімнің өзара әрекеттесуін ескере отырып жоғарыквалификациялы дәрігер-патологоанатом дайындау арқылы Университеттің миссиясын қалыптасуға бағытталған. Астана қаласы патологоанатомиялық бюросы мен «АМУ» КеАҚ патологиялық анатомия кафедрасының қызметкерлерінің біріккен отырысында талқыланды, №7 хаттама 28.02.2023ж.
Білім беру бағдарламасының аккредиттеуі және сертификациясы	Жоғары білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу және сапаны қамтамасыз етудің Еуразиялық орталығында (ECAQA) халықаралық мамандандырылған аккредиттеу (WFME, ENQA, APQR мойындаған). № SA-R-00273. 21.02.2024 жылдан 20.02.2027 жылға дейін жарамды.
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Негізгі медициналық білім, «Жалпы медицина», «Емдеу ісі», «Педиатрия» мамандықтары бойынша жоғары медициналық білім, интернатура
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Маман лауазымдарының тізбесі	«Патологиялық анатомия» мамандығы бойынша дәрігер

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 3 - беті.

Кәсіби қызмет саласы	Денсаулық сақтау
Кәсіби қызмет функциясы	Резидент хирургиялық операциялар, биопсия немесе патологиялық-анатомиялық зерттеу нәтижесінде алынған органдар, тіндер және жасушалардағы өзгерістерді талдау арқылы диагнозды өз бетінше қоюға қабілетті болуы керек, бастапқыда бақылау мен жетекшілікте бола отырып, біртіндеп үлкен дербестікке көшу. Ол пациенттермен және олардың отбасыларымен, сондай-ақ денсаулық сақтау саласының басқа қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттесу қабілетіне ие болуы керек, оған медициналық терминдер, процедуралар және зерттеу нәтижелерін түсіндіру, психологиялық қолдау көрсету және ақпараттың құпиялылығын сақтау кіреді. Медициналық көмек сапасын және заңды қорғанысты қамтамасыз ету үшін диагностикалық деректер мен процедуралар туралы нақты және егжей-тегжейлі есептерді жасау ережелері мен стандарттарын сақтай отырып, есептік медициналық құжаттаманы жүргізуді үйренуі қажет. Ол үздіксіз кәсіби білім алуға және өзін-өзі оқытуға белсенді қатысып, кәсіби семинарларға, конференцияларға үнемі қатысып, өз біліктілігін арттыру үшін ғылыми әдебиеттерді зерттеуі керек.
Кәсіби қызмет түрлері	Ауруларды микроскопиялық зерттеу арқылы биопсия үлгілері мен хирургиялық жолмен алынған тіндер негізінде диагностикалау, операциялар немесе ашу кезінде алынған тіндердегі патологиялық өзгерістерді түсіндіру. Кенеттен қайтыс болған жағдайларда өлім себептерін анықтау үшін патологиялық-анатомиялық ашуларды жүргізу. Клиникалық дәрігерлерге патологоанатомиялық деректер негізінде диагноз қою және емдеу мәселелері бойынша кеңес беру. Пациенттер мен олардың отбасыларына патологиялық зерттеулер нәтижелерін түсіндіру. Патологиялық анатомия саласында ғылыми зерттеулерді әзірлеу және жүргізу. Зерттеу нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялау және кәсіби конференцияларда баяндама жасау.

2. Бітірушінің құзыреті және оқытудың нәтижесі

2.1 Білім беру бағдарламасының құзыреті және оқыту нәтижелері

№	Құзыреті	Оқыту нәтижелері
	Жалпы құзыреті	№ ЖҚ
1	Медициналық ақпараттың дұрыстығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, қайтыс болғандардың туыстарымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда тірі кезінде морфологиялық зерттеулерден (операциялық және биопсиялық материал) өтетін пациенттермен әдепті кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыруға	ОН 7

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 4 - беті.

	қабілетті.	
2	Дәрігерлермен және денсаулық сақтау қызметтерімен өзара әрекеттесуді, мультидисциплинарлық командаларға, консилиумдарға қатысуды, ақпарат алмасуды және медициналық көмектің үздіксіздігі мен сапасын бірлесіп қамтамасыз етуді біледі.	ОН 7
3	Медициналық құжаттаманы жүргізу, сақтау және ресімдеу дағдыларын игереді, деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді және патологиялық-анатомиялық хаттамаларды, қорытындыларды, қайтыс болу туралы куәліктерді және өзге де есептік құжаттаманы ресімдеу кезінде медициналық ақпараттық жүйелерді пайдаланады.	ОН 6
4	Кәсіби дамуды жүзеге асырады, ғылыми-зерттеу және талдау жұмысына қатысады, әдебиетті зерделейді, зерттеу этикасын сақтайды, уақыт пен стрессті басқаруды қоса алғанда, кәсіби және жеке дағдыларын жетілдіреді.	ОН 8
5	Жауапкершілікті, стресске төзімділікті, төзімділікті, командалық жұмысқа және кәсіби рефлексияға қабілеттілікті көрсетеді, медициналық этика нормаларын сақтайды және кәсіби дамуда бастамашылық танытады.	ОН 7
	Кәсіби құзыреттер	№ КҚ
1	Ересектерді, балалар мен ұрықтарды патологиялық-анатомиялық ашып қарауды орындайды; органдар мен тіндерді макро- және микроскопиялық зерттеуді жүргізеді; бактериологиялық, вирусологиялық және биохимиялық зерттеулер үшін материал алуды жүзеге асырады.	ОН 3
2	Патологиялық-анатомиялық зерттеу хаттамасын, ашып қарау хаттамасын, клиникалық-патологиялық-анатомиялық эпикриз және перинаталдық өлім туралы куәлікті қоса алғанда, қайтыс болу туралы дәрігерлік куәліктерді ресімдейді.	ОН 6
3	Морфологиялық деректерді түсіндіреді, негізгі ауруды, асқынуларды және өлім себебін бөле отырып, патологиялық-анатомиялық диагнозды қалыптастырады; танатогенезді түсіндіреді; клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың сәйкес келуі мен сәйкессіздігін бағалайды.	ОН 4
4	Биопсиялық, операциялық және аутопсиялық материалдарды алуды жүзеге асырады; медициналық құжаттаманы зерделейді; клиникалық деректерді жинау кезінде мамандармен өзара іс-қимыл жасайды.	ОН 1 ОН 2
5	Макроскопиялық және микроскопиялық сипаттау әдістерін меңгерген, І-ІІ күрделілік санатының морфологиялық диагностикасын жүргізеді, блок-препараттарды зерттейді, зерттеудің қосымша әдістерін таңдайды.	ОН 2 ОН 5
6	Биопсиялық, операциялық және аутопсиялық материалдармен жұмыс істеу кезінде эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізеді.	ОН 3
7	Клиникалық-анатомиялық конференцияларға қатысады, клиницистермен аршу және биопсия нәтижелерін талқылайды, күрделі және даулы жағдайлар бойынша кеңес береді.	ОН 7
8	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, патоморфологиялық	ОН 8

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 5 - беті.

	деректерді талдауға және зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізуге қабілетті.	
--	---	--

2.2 Оқытудың нәтижесі

№	Код	Оқытудың нәтижесі	Тиісті еңбек функциялары
1	ОН 1	Патологиялық процестер мен аурулардың морфологиялық белгілерін анықтайды, патологиялық зерттеулердің принциптерін түсіндіреді және патологиялық диагнозды тұжырымдайды	- Хирургиялық операция және (немесе) биопсия (операциялық-биопсиялық материал) жолымен алынған пациенттердің ағзаларындағы (ағза фрагменттеріндегі), тіндеріндегі және жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау жолымен диагнозды белгілеу.
2	ОН 2	Биопсия мен хирургиялық материалды макро- және микроскопиялық зерттеуді жүргізеді, морфологиялық өзгерістерді түсіндіреді және ықтимал асқынулардың болжамын жасайды.	- Хирургиялық операция және (немесе) биопсия (операциялық-биопсиялық материал) жолымен алынған пациенттердің ағзаларындағы (ағза фрагменттеріндегі), тіндеріндегі және жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау жолымен диагнозды белгілеу.
3	ОН 3	Ересектер мен балалардың (1-жасан 18 жасқа дейін) патологиялық анатомиялық диссекциясын жүргізеді, ағзалар мен тіндерді тексеруді жүргізеді, қорытынды дайындайды және эпидемияға қарсы шараларды бақылайды.	- Патологиялық аутопсия кезінде мәйіттің тіндеріндегі, мүшелеріндегі және жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау арқылы диагноз қою. - Салмағы 500 грамнан аз ұрыққа антропометриялық зерттеу жүргізу.
4	ОН 4	Клиникалық және патологиялық мәліметтерді салыстырады, өлім-септерін анықтайды, диагностикадағы сәйкессіздіктерді анықтайды және ятрогендік патология жағдайларын талдайды	- Патологиялық аутопсия кезінде мәйіттің тіндеріндегі, мүшелеріндегі және жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау арқылы диагноз қою. - Өлімнің себебі және аурудың диагнозы туралы патологиялық қорытынды жасау.
5	ОН 5	Диагнозды нақтылау және клиникалық-анатомиялық талдауға біріктіру үшін қосымша зерттеу әдістерін (гистохимиялық, иммуногистохимиялық, цитологиялық, молекулярлық-генетикалық) қолданады	- Микропрепараттарды зерттеудің қосымша әдістерін тағайындау.
6	ОН 6	Патологиялық есептерді, өлім-туралы куәліктерді, медициналық	- Өлімнің себебі және аурудың диагнозы туралы патологиялық

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25
	Білім беру бағдарламасы «7R01150 - Патологиялық анатомия»	6 беттің 6 - беті.

		қорытындыларды дайындайды, есепке алу және есеп беру - құжаттамасын жүргізеді және медициналық ақпараттық жүйелерді пайдаланады	қорытынды жасау. Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу..
7	ОН 7	Әріптестер және клиницистермен қарым-қатынас жасайды, конференцияларда патологиялық зерттеу нәтижелерін ұсынады және кәсіби этиканы ұстанады	- Клиницист дәрігерлермен бірлесіп ашу, биопсиялар, диагноздар айырмашылықтары, ятрогенді жағдайлар нәтижелерін талқылау (клиникалық-анатомиялық конференцияларға қатысуды қоса алғанда).
8	ОН 8	Ғылыми зерттеулерге қатысады, патологиялық деректерді талдайды, гипотеза жасайды, нәтижелерді жариялайды және кәсіби құзыреттілігін арттырады	- Үздіксіз кәсіби даму.